

Құмкешу жалпы білім беретін орта мектебі



Ел ағасы

Зейнолла Шаймұханбетұлы

Жетекшісі: Қылышбаев Серік

Орындаған: Егінбаева Динара

Текті тұлға

Өмірден өтті бір пенде. Қарапайым ғана адам. Еңбегімен еліне сыйлы, аса кішіпейіл, азаматтығы басым, өзін емес, өзгенің қамын ойлағыш шынайы адал жан еді.

Ақырын жүріп, анық басқандықтан халқына қадірі асқан қандай жайсаң еді? Ол

-Зейнолла Шаймұханбетұлы еді. Кеңестік дәуіріндегі қате жазылған төлқұжаты бойынша Шаяхметов. Ел оны есіне осы тегімен жаттап қалған.

Зейнолла адал терімен туған еліне қалтқысыз қызмет еткен жылы жүректі жайсаң еді. Торғай өңірінің Аманкелді ауданында Абай атындағы кеңшардың қазығын өз қолымен қағып, жиырма жыл басқарды. Құмкөшу деген жерде алғашқы қазық қағылады. Күндіз бір төбе, түнде жел айдауымен басқаша жылжып жал-жал боп жататын сиқырлы құмды аймақта құрылыстың ірге тасын қалаудың қияметін айтпаңыз. Әйткенмен, Зейнолла ойға алғанын тиянақтап тынды. Сол қалашық әлі күнге Торғай облысы тарап, жалпы ел сырдаң тартқанымен, құмда өскен гүлдей көз арбайды. Ықылас нұрымен суарылғандықтан болар, әр жүрекке жақын, етене боп кеткен. Азаматтың арымен, жанымен тұрғызылғанды адамдар ұмытпайды екен. Торғай өңіріндегі Зекең іздері бүгінде сайрап жатқандай. Ер өлсе де еңбегі еленіп, ескеріліп жүреді екен.


Ол 1953 жылы Аманкелді орта мектебінің сегізінші сыныбын бітіріп, Қостанай ауылшаруашылық техникумына түседі. Бітірген соң атамекеніне келіп, Сарыторғай кеңшарында мал дәрігері, Сарыбас бөлімшесінің меңгерушісі қызметтерін атқарады. 1966 жылы Целиноград қаласында «Ауылшаруашылық басшы кадрларын даярлау» курсына бітіргеннен кейін, 1966-1970 жылдары Қазақстанның 40 жылдығы атындағы кеңшарда бас мал дәрігері, 1970-1973 жылдары Аманкелді ауданы мал дәрігерлері басқармасының бастығы болып жұмыс істейді. Ал өзі ашқан Абай атындағы кеңшарды жиырма жыл басқарған тұсында Алматы мал дәрігерлік институтын сырттай оқып бітірген.

1993-1995 жылдары Есір кеңшарын басқарады. 1995 жылы жергілікті халықтың қолдауымен Аманкелді ауылының әкімі болып сайланып, төрт жылдан соң зейнетке шығып, кейін Астанаға балаларының қасына көшіп келеді.

Ол елордада да қарап отырмады. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, жастарға ақыл-кеңес беріп, тәжірибесімен бөлісіп жүрді. Өмір жолында тек адалдық пен шыншылдықты ту етіп, ойын ашық айтып, қиналғандарға қол-ұшын беруді өзінің азаматтық парызы деп білді. Еліне, жеріне ықыласы ерекше жан еді. Бабалары мекен еткен қасиетті Торғайының текті тумасы, тұғырлы тұлғасы, халқына қадірлі ел ағасы болды.

Зейнолланың әкесі Шаймұханбет саяси қуғын-сүргіннің зардабын шегіп, «кәмпескеленіп», түрмеге жазықсыз отырып, кейін ақталып шыққан. Отан соғысына қатысқан. Ал оның ағасы Нұрмұханбет алаш арыстары Ахаң, Жақаңмен бірге «халық жауы» атанып ұсталып, алты жыл қамауда отырып, 1936 жылы босанып келіпті.

Атасы Тәтіғұл мен оның інісі Тоқсанбай қажылардың өнегесін ел іші әсте жадынан шығармақ емес. Олардан тараған текті ұрпақтың бірі осы Зейнолла болатын. Қайран Зейнолла, қарапайымдылығымен жан біткенге шуағын түсірген абзал Зейнолла, оның білетіндерімен әлі күнге қанаттасып, алғы күндерге қатар адымдап бара жатқандай... . Уақыт рухы мықтыларға ешбір бөгесін бола алмайды екен-ау! Құмкөшу ауылының табиғат жағдайын ауыл атынан-ақ байқауға болады. Құмкөшуді Зейнолла тың игеру жылдарында Абай атындағы совхозды ұйымдастырып, оны аяғынан тік тұрғызып, алдыңғы қатардағы шаруашылыққа айналдырды. Сәулетті үйлер, жолдар салынды, көгалдандырылды, елдімекендерге электр энергиясы жеткізілді. Көшпелі құмды тоқтатуда да біраз жұмыстар жүргізілді. Құмкөшу ауылының халқы үшін Зейнолланың атқарған ерен еңбегін көпшілік осы күнге дейін ұмытпауда.



**Зейнолла Шаймұханбетұлы.
Студенттік кезі, Қостанай, 1956 жыл.**





**Солдан оңға қарай:жары Орынтай,
Асанәли, Зейнолла, Әсел.**



**Содан оңға қарай:
Азамат, Зейнолла, Ғабдолла, Әсет.**





**Зейнолла жұбайы
Орынтаймен және немересі
Әсел, Асанәлилермен бірге.**



**Зейнолла немересі
Асанәлимен.**





**Зейнолла мен Орынтай
балалары мен немерелерінің
ортасында.**



**Ғабдолла, Зейнолла,
немересі Асанәли.**



**Зейнолла, Ғабдолла
немересі Асанәли.**



Зейнолла ел азаматтарымен бірге.



**Солдан оңға қарай:
Мұхиден, Айдар, Абуали, Зейнолла.**



**Зейнолла әріптестерімен
Алматыда.**





Солдан оңға қарай: Гүлнұр, Гүдшат, Асанәли, Ботагөз, екінші жары Несіп, Зейнолла, немересі Абаймен, Ғабдолла, Биязы, Марат.



Зейнолла мен Несіп құда-құдағиы және немерелерінің ортасында.



Солдан оңға қарай: Марат, Әдемі, Гүлшат, Гүлнұр, Несіп, Зейнолла.



**Зейнолла қызы:
Ботагөзбен.**



Зейнолла немерелерімен.



Зейнолла, Несіп, Ғабдолла.



Зейнолла әріптестерімен бірге.



Зейнолла ел азаматтары арасында.



Зейнолланың пікірі қашанда көпшіліктің көкейіне қонымды болатын.





Ауыл азаматтарымен бірге.




**Абай кеңшары.
Зейнолла ауылдастарымен бірге.**




**Зейнолла Аманкелді ауданының
директорларымен бірге. Алматы.**




**Тәтіғұл, Бозай, Тоқсанбай
кесенесі 2000 жыл.
Сарыторғай, Аманкелді
ауданы, Қостанай облысы.**



**Шаймұханбет кесенесі
Жаңғыртпаа-2003 жыл.
Екідің, Аманкелді
ауданы, Қостанай обл.**



**Құрманбай
Тоқсанбайұлы Байкелді
ұрпағының кесенесі.
Аманкелді аудан ортасы.**





**Зейнолла Ғабдолланың үйінде
қонақта. Алматы.**



**Зейнолла өз әулетіне арнап салған
шаңырағы. Астана.**



**Ағайын-туған, жекжаттар бас
қосқанда. Алматы**





16/13/2013 23:01
Зейнолла досы Кенжеғали Сағадиев



**Зейнолла Гүлнар
Дулатовамен бірге. Алматы.**



Зейнолла қазақ зиялары арасында .



16/10/2013 06:51
Зейнолла ел азаматтары арасында.



**Зейнолла Фаниза, Тойындық
жеңгелерімен бірге.**



Зейнолла Сабыржан Ахметов.



Зейнолламен кездесуде.



Екідің. Шаймұханбет кесенесіне тәу ете келген ұрпақтары, туыс-жекжаттары.



Тәтігүл, Бозай, Тоқсанбай кесенесінің фрагменттері.



Екідің. Шаймұханбет кесенесі басында.





1.Тәтіғұл қажы мен Тоқсанбай қажы қыстауының ғимаратының орны.



**2.Үйлердің ернеуінен алынған күйдірілген кірпіштер.
3.Қаптама блоктар. ХІХ-ХХ ғ.
Реконструкцияланған.
4.Сарыторғай. Аманкелді ауданы, Қостанай облысы.**



Кесененің ашылу рәсімі.



**Зейноллаға арналған
кесене. Астана 2011ж.**





**Еске алу сәтінен
көріністер.**



**Еске алу лебізі көпшілікті
толғандырды.**



**Кесененің ашылу
рәсімін жазушы
Қайсар Әлім жүргізді.**





Ел ағасы Зейнолла Шаймұханбетұлының атынан ұрпақтары Құмкешу жалпы білім беретін орта мектебінің физика-математика бөлмесіне интерактивті тақта дербес компьютер және кинопроекторымен қоса тарту етілді.

